

Дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы меншік немесе сенімгерлікпен басқару құқығында Ұлттық әл-ауқат қорына тиесілі, оларға қатысты Қазақстан Республикасының инвестициялық қорлар туралы заңнамасы қолданылмайтын ұлттық даму институттарының, ұлттық компаниялардың және басқа да заңды тұлғалардың тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 16 шілдедегі N 1083 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 27 маусымдағы № 858 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.06.27 № 858 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Ұлттық әл-ауқат қоры туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 13 ақпандағы Заңы 2-бабының 4-тармағына және "Инвестициялық қорлар туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі Заңы 3-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **Қ АУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы меншік немесе сенімгерлікпен басқару құқығында Ұлттық әл-ауқат қорына тиесілі, оларға қатысты Қазақстан Республикасының инвестициялық қорлар туралы заңнамасы қолданылмайтын ұлттық даму институттарының, ұлттық компаниялардың және басқа да заңды тұлғалардың тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	Қазақстан Республикасының
Қазақстан	К. Мәсімов
Үкіметінің	Республикасы
2009 жылғы	16 шілдедегі
N 1083 қаулысымен	
бекітілген	

Дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы меншік немесе сенімгерлікпен басқару құқығында Ұлттық әл-ауқат қорына тиесілі, оларға қатысты Қазақстан Республикасының инвестициялық қорлар туралы заңнамасы

қолданылмайтын ұлттық даму институттарының, ұлттық компаниялардың және басқа да заңды тұлғалардың тізбесі

P/c N	Ұйымның атауы
1	"Қазақстан инвестициялық қоры" акционерлік қоғамы
2	"Kazyna Capital Management" акционерлік қоғамы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК